

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2015 жылғы « 23 » желтоқсан № 1566
бұйрығымен бекітілген

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҮЛГАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ

№ ЖК-10-11 (бұрыс)
№ 000540000235
ҚАЛПЫҚ ТІРКЕУ № 26.05 200
№ 8322-1901-МК

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУДАР

№ ЖК-15 (бұрыс)
№ 000540000235
АЛМАТЫ ТІРКЕЛГЕН ҚҰМ
ҚҰРҒЫН № 2080-1901-МК

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
түрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс
сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының («Мемсараптама» РМК)
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасындағы сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы № 88 қаулысына сәйкес құрылды және «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің қарамағына берілді.

Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын («Мемсараптама» РМК) қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 591 қаулысына сәйкес Кәсіпорынға қосу жолымен қайта ұйымдастырылған 14 еншілес мемлекеттік кәсіпорынның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) болып қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығының субъект құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс

сараптау» («Мемсараптама» РМК) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан»;

қысқа:

мемлекеттік тілде – «Мемсараптама» РМК;

орыс тілінде – РГП «Госэкспертиза».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Күлтөбе қысқа көшесі, 7-үй.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік монополияға жатқызылған құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу барысында құрылыс жобаларын (техникалық-экономикалық негіздемелерін және жобалау-сметалық құжаттамасын) бағалау жолымен салынған объектілер пайдалануға қабылданғаннан кейін олардың тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін жобалық шешімдермен қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсатын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін:

1) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін:

бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын жаңа объектілерді салу немесе бұрыннан барларын өзгерту;

мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз қаржыландырылатын ықтимал қауіпті жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларын салу немесе бұрыннан барларын өзгерту үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманы;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін:

қаржыландыру көздеріне қарамастан, ықтимал қауіпті құрылыс объектілеріне жататын жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларын салу;

бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен қаржыландырылатын бұрыннан бар ықтимал қауіпті, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманы ;

3) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілерге жатқызылған жаңа объектілерді; жаңа бірегей құрылыс объектілерін; бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға);

егер жобаның қалған бөліктері бойынша сараптаманы аккредиттелген сараптама ұйымы жүргізсе, мемлекеттік инвестициялардың қатысуымен қаржыландырылатын объектілерді салуға арналған техникалық-экономикалық негіздеменің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың құрамынан туындаған сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асырады.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы

не оның бас директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Бас директордың Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын бас директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорын бас директорының ұсынымы бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның органы оның бас директоры болып табылады.

21. Бас директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның бас директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын бас директорының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның бас директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның бас директоры Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Кәсіпорынның бас директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорынның қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Бас директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарға ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгілеген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатураларды ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

27. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

29. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

30. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

31. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

34. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

35. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 36-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

36. Осы Жарғының 35-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

37. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

38. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

39. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында (жедел басқару құқығында) бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

40. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 38 және 39-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

41. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

42. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

43. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

44. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

Қаржыландыру көздеріне қарамастан, Кәсіпорын орындайтын құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама бойынша сараптама жұмыстар жүргізуге арналған бағалар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 167 бұйрығымен бекітілген.

Табиғи монополиялар субъектілеріне немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы», «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының және табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

46. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 14 230 000 (он төрт миллион екі жүз отыз мың) құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтіне толық қалыптастыруы тиіс.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

47. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның бас директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

49. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

50. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

51. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

52. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) белгілейді.

53. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

54. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.


57. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жаргыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Кәсіпорынның Жаргысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Бас директор А.С. Сманқұлов



Утвержден
приказом Председателя Комитета
государственного имущества и
приватизации Министерства финансов
Республики Казахстан
от 23 декабря 2015 года
№ 1566

УСТАВ

Республиканского государственного предприятия на праве
хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная
экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза»)

**Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства
и управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

город Астана - 2015 год

1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 января 1996 года № 88 «О совершенствовании архитектурно-градостроительного контроля в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 июля 2009 года № 1071 «Вопросы Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства» передано в ведение Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан «О реорганизации Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства» от 8 мая 2012 года № 591 Предприятие является правопреемником всех прав и обязанностей реорганизованных путем присоединения к Предприятию 14 дочерних государственных предприятий.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 сентября 2014 года № 1011 «Вопросы Министерства национальной экономики Республики Казахстан» Предприятие переименовано в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

3. Учредителем Предприятия является Правительство Республики Казахстан.

4. Права субъекта права республиканской собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

полное:

на государственном языке – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК);

на русском языке – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан»;

сокращенное:

на государственном языке – «Мемсараптама» РМК;

на русском языке – РГП «Госэкспертиза».

7. Место нахождения Предприятия: 010000, Республика Казахстан, город Астана, район Алматы, переулок Култобе, дом 7.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является комплексная вневедомственная экспертиза проектов строительства (технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации), отнесенная к государственной монополии.

13. Целью деятельности Предприятия является обеспечение проектными решениями устойчивого и безопасного функционирования построенных объектов после ввода их в эксплуатацию путем оценки проектов строительства (технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации) в ходе проведения комплексной вневедомственной экспертизы.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) с 1 января 2015 года до 1 января 2016 года комплексную вневедомственную экспертизу проектов (технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации) для строительства:

новых или изменения существующих объектов, финансируемых за счет бюджетных средств или с участием иных форм государственных инвестиций;

новых или изменения существующих потенциально опасных производственных зданий и сооружений, а также технически и (или) технологически сложных объектов, их комплексов, инженерных и транспортных коммуникаций, финансируемых без участия государственных инвестиций;

2) с 1 января 2016 года до 1 января 2020 года комплексную вневедомственную экспертизу проектов (технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации) для:

строительства новых производственных зданий и сооружений, относящихся к потенциально опасным объектам строительства, а также новых технически и (или) технологически сложных объектов, их комплексов, инженерных и транспортных коммуникаций независимо от источников финансирования;

реконструкции, расширения, модернизации, технического перевооружения и капитального ремонта существующих потенциально опасных, а также технически и (или) технологически сложных объектов, финансируемых за счет бюджетных средств и иных форм государственных инвестиций;

3) с 1 января 2020 года комплексную вневедомственную экспертизу:

проектов (технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации) для строительства новых объектов, отнесенных к объектам межгосударственного (международного) значения в соответствии с законодательством Республики Казахстан; уникальных объектов строительства; технически и (или) технологически сложных зданий и сооружений, финансируемых за счет бюджетных средств или с участием иных форм государственных инвестиций;

сметной документации из состава технико-экономического обоснования или проектно-сметной документации, предназначенных для строительства объектов, финансируемых с участием государственных инвестиций, если по остальным частям проекта экспертиза проводится аккредитованной экспертной организацией.

15. Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и цели его деятельности, закрепленным в настоящем уставе.

16. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции генерального директора, может быть признана недействительной по иску уполномоченного органа соответствующей отрасли или уполномоченного органа по государственному имуществу, либо прокурора.

17. Действия генерального директора, направленные на осуществление Предприятием неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

4. Управление Предприятием

18. Уполномоченный орган по государственному имуществу:

1) по решению Правительства Республики Казахстан выступает учредителем Предприятия;

2) осуществляет от имени Республики Казахстан права субъекта права республиканской собственности по отношению к Предприятию;

3) по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли определяет предмет и цели деятельности Предприятия, а также вид Предприятия, осуществляющего такую деятельность, и утверждает устав Предприятия, внесение в него изменений и дополнений;

4) осуществляет по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли изъятие или перераспределение имущества, переданного Предприятию или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

5) осуществляет контроль за целевым и эффективным использованием имущества Предприятия;

6) осуществляет изъятие излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению имущества Предприятия, выявленного по результатам контроля целевого использования государственного имущества, по истечении шести месяцев с момента осуществления контроля без согласования с уполномоченным органом соответствующей отрасли;

7) устанавливает Предприятию срок содержания и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу с последующим списанием с баланса;

8) дает согласие уполномоченному органу соответствующей отрасли на осуществление реорганизации и ликвидации Предприятия;

9) дает согласие Предприятию на отчуждение или распоряжение иным способом, закрепленным за ним имуществом (за исключением продажи

произведенной им продукции), создание филиалов и представительств, а также на передачу и списание дебиторской задолженности;

10) проводит анализ предоставления в имущественный наем (аренду) имущества, закрепленного за Предприятием;

11) осуществляет организацию и проведение мониторинга функционирования и эффективности управления Предприятием;

12) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

19. Уполномоченный орган соответствующей отрасли:

1) определяет приоритетные направления деятельности Предприятия и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета;

2) вносит предложения уполномоченному органу по государственному имуществу по определению предмета и цели деятельности Предприятия, а также по определению вида Предприятия, осуществляющего такую деятельность;

3) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;

4) осуществляет анализ и контроль за сохранностью имущества Предприятия и выполнением планов развития Предприятия;

5) дает согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Предприятию или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

6) осуществляет управление Предприятием;

7) утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

8) по согласованию с уполномоченным органом по государственному имуществу осуществляет реорганизацию и ликвидацию Предприятия;

9) осуществляет контроль за полнотой и своевременностью перечисления Предприятием в республиканский бюджет установленной части чистого дохода;

10) назначает на должность и освобождает от должности по представлению генерального директора Предприятия его заместителей;

11) устанавливает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

12) устанавливает размеры должностных окладов руководителя Предприятия, его заместителей и главного бухгалтера, систему их премирования и иного вознаграждения;

13) согласовывает назначение на должность и освобождение от должности директоров филиалов и представительств Предприятия по представлению генерального директора Предприятия;

14) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

20. Органом Предприятия является его генеральный директор.

21. Назначение генерального директора, проведение его аттестации осуществляются в порядке, определяемом уполномоченным органом по государственному планированию.

22. Уполномоченный орган соответствующей отрасли оформляет трудовые отношения с генеральным директором Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

В трудовом договоре, помимо условий, установленных Трудовым кодексом Республики Казахстан, определяется ответственность генерального директора Предприятия за несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет.

23. Генеральный директор Предприятия несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия.

24. Генеральный директор Предприятия несет персональную ответственность за организацию противодействия коррупции на Предприятии.

25. Генеральный директор Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим уставом.

26. Генеральный директор:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

8) утверждает формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, систему премирования и иного вознаграждения работников Предприятия (за исключением своих заместителей и главного бухгалтера) в пределах установленного фонда оплаты труда;

9) представляет уполномоченному органу соответствующей отрасли кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

10) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

11) назначает на должность и освобождает от должности директоров филиалов и представительств Предприятия по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли;

12) утверждает положения о филиалах и представительствах Предприятия;

13) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

5. Имущество Предприятия

27. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

28. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям) в том числе между работниками Предприятия.

29. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

30. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

31. Приобретение и прекращение права хозяйственного ведения осуществляется на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим уставом или не противоречит природе данного вещного права.

32. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в хозяйственном ведении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в хозяйственное ведение Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

33. Право хозяйственного ведения на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закреплении имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

34. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

35. Право хозяйственного ведения на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей

249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных пунктом 36 настоящего устава.

36. Помимо общих оснований прекращения права хозяйственного ведения, предусмотренных пунктом 35 настоящего устава, право хозяйственного ведения прекращается в случаях правомерного изъятия имущества у Предприятия по решению собственника.

К случаям правомерного изъятия, в частности, относятся:

- изъятие имущества, которое не отвечает целям уставной деятельности Предприятия на праве хозяйственного ведения;

- изъятие излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению имущества.

37. В решении об изъятии имущества, находящегося на праве хозяйственного ведения, уполномоченный орган по государственному имуществу устанавливает Предприятию сроки содержания и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу.

38. Предприятие вправе с письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли:

- 1) создавать филиалы, представительства;
- 2) распоряжаться принадлежащими ему акциями акционерных обществ, а также дебиторской задолженностью;
- 3) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц;
- 4) предоставлять займы.

39. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве хозяйственного ведения.

40. Деньги, полученные от сделок с имуществом, указанным в пунктах 38 и 39 настоящего устава, используются Предприятием самостоятельно, если иное не установлено Бюджетным кодексом Республики Казахстан или собственником (уполномоченным органом по государственному имуществу).

6. Финансирование деятельности Предприятия

41. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

Порядок разработки и утверждения плана развития Предприятия определяется уполномоченным органом по государственному планированию.

42. Норматив отчисления части чистого дохода Предприятия устанавливается уполномоченным органом по государственному планированию.

Часть чистого дохода Предприятия по установленным нормативам подлежит зачислению в республиканский бюджет в порядке, установленном Бюджетным кодексом Республики Казахстан.

Предприятие производит перечисление в республиканский бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

43. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

44. Цены на товары (работы, услуги), производимые Предприятием, должны обеспечить полное возмещение понесенных Предприятием затрат на их производство, безубыточность его деятельности и финансирование за счет собственных доходов.

Цены на товары (работы, услуги), производимые в рамках объемов работ (услуг), финансируемых из бюджета, устанавливаются Предприятием по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли.

Цены на проведение экспертных работ по комплексной вневедомственной экспертизе проектов строительства, выполняемых Предприятием, независимо от источника финансирования, утверждены приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 28 февраля 2015 года № 167.

Цены на товары (работы, услуги), производимые и реализуемые государственным предприятием на праве хозяйственного ведения, относящимся к субъектам естественной монополии или субъектам рынка, занимающим доминирующее или монопольное положение на соответствующем товарном рынке, устанавливаются с учетом требований законов Республики Казахстан «О естественных монополиях и регулируемых рынках», «О конкуренции» и иных законов Республики Казахстан, регулирующих ценообразование субъектов естественных монополий или субъектов рынка, занимающих доминирующее или монопольное положение на соответствующем товарном рынке.

45. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

7. Уставный капитал Предприятия

46. Размер уставного капитала Предприятия составляет 14 230 000 (четырнадцать миллионов двести тридцать тысяч) тенге.

Уставный капитал должен быть полностью сформирован собственником (учредителем) к моменту государственной регистрации Предприятия.

8. Учет и отчетность Предприятия

47. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой генеральным директором Предприятия по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.

48. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

9. Ответственность Предприятия

49. Предприятие отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

10. Взаимоотношения с трудовым коллективом

50. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

51. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

11. Оплата труда работников Предприятия

52. Размер фонда оплаты труда Предприятия ежегодно устанавливается уполномоченным органом соответствующей отрасли.

53. Формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, система премирования и иного вознаграждения определяются Предприятием самостоятельно в пределах установленного фонда оплаты труда.

54. Размеры должностных окладов генерального директора Предприятия, его заместителей, главного бухгалтера, система их премирования и иного

вознаграждения устанавливаются уполномоченным органом соответствующей отрасли.

12. Реорганизация и ликвидация Предприятия

55. Реорганизация и ликвидация Предприятия производится по решению Правительства Республики Казахстан.

Предприятие может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан.

56. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет уполномоченный орган соответствующей отрасли по согласованию с уполномоченным органом по государственному имуществу, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

57. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется уполномоченным органом по государственному имуществу.

Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход республиканского бюджета.

13. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

58. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносятся приказом уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли.

Генеральный директор Сманкулов А.С.

